



Ақмешіт

23 маусым
сейсенбі

№47 (2259)

2026 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ЖИНАҚ ҚАРАЖАТЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУІ ТИІС

Зейнетақы жинақтарын мерзімінен бұрын пайдалану тәртібі өзгергені қоғам назарын аударып, жұртшылықты алаңдатқаны рас. Себебі жеткіліктілік шегі көтерілгені көптеген азаматтардың жинаққа қол жеткізу мүмкіндігін азайтты. Мамандардың айтуынша, бұл өзгеріс болашақ зейнетақы төлемінің тұрақтылығын сақтауға бағытталса, екінші жағынан, өз қаржысын баспана немесе денсаулық қажеттілігіне жұмсауды жоспарлаған жұртшылық арасында сұрақ та көп. Мұның жәй-жапсары қандай?

Кейінгі бес жылда мерзімінен бұрын зейнетақы жинағын шешіп алғандар қатары өскен. Тіпті олар 5 трлн теңгеге жуық қаражатты пайдаланған. Жасы жетіп зейнетке шыққандардың денсаулығы сыр беретіні жасырын емес. Сондықтан қаржының басым бөлігіне зейнеткерлер денсаулығын дұрыстап, көп жағдайда тісін жөндетсе, кейбірі тұрғын үй жағдайын жақсартуға жұмсаған. Алайда қаржыға көлекелі жолмен қол жеткізіп, оңды-солды жұмсағандар да қоғам назарынан тыс қалмады. Соның салдарынан өткен жылдан бері зейнетақы қорынан мерзімінен бұрын ақша алу мүмкіндігі шектеле бастады. Мәселен, жыл басында жеткіліктілік шегі 10 пайызға дейін өссе, қаржыны кейбір ауру түрлеріне, тұрғын үйге пайдалануға уақытша үзіліс жасалды. Тіпті шектің құны екі есеге жуық өскен. Бұрын шек негізінен салымшының жасына қарай есептелетін еді. Мамандар енді сараптай келе, оған зейнетке шығуға дейінгі кезең,



өмір сүру ұзақтығы, болашақтағы міндетті жарна көлемі, инвестициялық кіріс және өзге де ұзақмерзімді көрсеткішті қосты. Мемлекет бұл қадамға азаматтың зейнет жасына жеткеннен кейін лайықты табысқа ие болуын қамтамасыз ету мақсатында ұмтылып отыр.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, өзгеріс салымшылардың мүддесін қорғауға бағытталған.

Зейнетақы жинақтары – қарапайым депозит немесе күнделікті шығындарға жұмсалатын қаржы көзі емес. Оның негізгі мақсаты – азаматтарды зейнеткерлік жасқа жеткеннен кейін тұрақты табыспен қамтамасыз ету. Министрлік зейнетақы қаражаты ең алдымен азаматтардың

болашақтағы зейнетақы төлемдеріне қызмет етуге тиіс деген ұстанымды басшылыққа алады.

Министрлік дерегінше, жеткіліктілік шек кейінгі үш жыл ішінде қайта қаралмаған. Осы уақыт аралығында инфляция деңгейі, ең төменгі зейнетақы мөлшері, халықтың өмір сүру ұзақтығы мен экономиканың өзге де көрсеткіші өзгеріске ұшыраған. Сондықтан жаңа шектерді енгізу зейнетақы жүйесінің ұзақмерзімді тұрақтылығын сақтауға бағытталып отыр.

Сарапшылар пікірінше, жинақты мерзімінен бұрын пайдалану мәселесінің біржақты жауабы жоқ. Бір жағынан, бұл қадам халықтың бір бөлігінің тұрғын үй жағдайын жақсартуға мүмкіндік берсе, зейнетақы жүйесіне деген сенім дағдарысы

кезеңінде құрылыс нарығын қолдады. Екінші жағынан, жинақты тұрақты түрде шешіп алу қордың инвестициялық әлеуетін әлсіретіп, болашақтағы зейнетақы төлемінің көлемін төмендетеді екен.

Осылайша, алғашқы кезеңде басты назар азаматтардың әлеуметтік мәселелерін шешуге аударылса, енді ұзақмерзімді қаржылық тұрақтылық пен лайықты зейнетақы деңгейін қамтамасыз ету алдыңғы орынға шығып отыр.

Басты мәселе зейнетақы жинағын қалай шешіп алу емес, азаматтардың ресми табысын арттыру, ертеңгі қаржылық қауіпсіздікті қалыптастыру болып отыр.

«Ақмешіт ақпарат»



Жыл сайын дәл осы күні ел дамуына өлшеуіс үлес қосып жүрген азаматтарға құрмет көрсетіліп «Мемлекеттік қызметшілер» күні тойланады. Халық пен билік арасындағы алтын көпірге айналған мемлекеттік қызметшілердің еңбегін бағалап, олардың кәсіби шеберлігі мен жауапкершілігін айықпайтын бұл күн сала мамандарының мәртебесін асқақтатады. Мемлекеттік қызметшілердің ең басты міндеті – халыққа адал қызмет ету. Әрбір мемлекеттік қызметші осы қағиданы жадында ұстайды. Бүгінде мемлекет тарапынан қызметшілердің тиімді жұмыс істеуіне, көрсетілетін қызмет сапасын арттыруға және цифрландыру үдерістерін дамытуға барынша қолайлы жағдайлар жасалуда. Осы бағыттағы жүйелі реформалар, аймақтағы атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар туралы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары Нұржан Сүлейменовпен сұхбаттасқан едік.

2-БЕТТЕ

Асқат САМАТҰЛЫ, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Рекрутинг бөлімі және мансап орталығының басшысы:

АДАМ ӨЗ ІСІН JAҚCЫ КӨРГЕНДЕ ҒАНА JOҒАРЫ НӘТИЖЕГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗЕ АЛАДЫ



Ұлттық біріншілік тәсілеу аяқталып, түлектер жоғары оқу орнына құжат тапсыратын уақытта таяп қалды. Дәл осы уақыттарда түлектерді алаңдататын сұрақ: «Қандай мамандық таңдаймын?». Бірі ата-ана қалауымен таңдау жасасаса, енді бірі «тек университет оқысам

болды» деп кез-келген мамандықты таңдайды. Бірақ қазіргі уақытта жастарға профориентолог мамандар кенес береді. Өткен жылдан бастап Қазақстанда орта білім беру ұйымдарында педагог-кәсіптік бағдар беруші лауазымы ресми түрде бекітілді. Бүгінде елімізде 7 мыңнан аса кәсіби профориентолог қызмет етеді. Олар жастарға қабілеттеріне, қызығушылықтарына, еңбек нарығындағы сұранысқа сүйене отырып, болашақ мамандығын дұрыс таңдауға көмектеседі. Қазіргі таңда мамандық таңдауда профориентолог кенесіне жүгінетіндер көпте? Түлектер кіммен кенесіп жүр? Осы мәселелер жөнінде көкейдегі сұрақтарға Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті Рекрутинг бөлімі және мансап орталығының басшысы Асқат Мырзабай жауап берді.

4-БЕТТЕ

Евразия спорт кешенінде шағын футболдан БАҚ өкілдері арасында өмірден ерте өтсе де артында өшпес із, жарқын естелік қалдырған азамат, білікті маман, қарымды журналист, Ерқанат Сәрсенбайды еске алуға арналған турнир өтті.

ҚАРЫМДЫ ЖУРНАЛИСТ РУХЫНА ҚҰРМЕТ



Аймағымызда алғаш рет байрағын көтерген бұл турнирдің мақсаты – өзінің қысқа ғана ғұмырында ақиқаттың ақ жолынан таймай, журналистиканың жауапты міндетін адал атқарып, ақпарат саласында өшпес із қалдырған қарымды қаламгер Ерқанат Сәрсенбайұлының есімін ұлықтау, журналистер арасындағы ынтымақ пен бірлікті нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау.

4-БЕТТЕ

БҮГІН – ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ КҮНІ

ҚЫЛМЫСТЫ АШУДАҒЫ КӘСІБИЛІК

Қоғамның тыныштығы мен заң үстемдігін қорғау – екінің бірінің қолынан келе бермейтін, тек жүрегі түкті, сертке адал жандардың ғана еншісіне бұйырған қастерлі міндет. Әсіресе, қылмыс пен әділдік безбенте түсетін тергеу саласында қызмет ету үлкен парасаттылық пен асқан қырағылықты талап етеді. Осындай жауапты жүк аркалап, Қызылорда облысының құқық тәртібін нығайтуға елеулі үлес қосып жүрген санлақтардың бірі – полиция капитаны Айдос Амантайұлы.

Айдос Аппаз 1999 жылы дүниеге келген. Оның иығына шен тағып, заң саласына қадам басуы 2017 жылдың тамыз айынан басталды. Саналы ғұмырының үлкен бір бөлігін құқық қорғау саласына арнауды мақсат еткен ол, 2021 жылы Қазақстан Республикасының ІІМ Бәрмбек Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясын «Заңгер» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын Қызылорда қаласы Полиция басқармасы Тергеу бөлімінің аға тергеушісі ретінде бастаған жас маман, алғашқы күннен-ақ өзінің іскерлігімен, сауаттылығымен және іске деген шексіз жауапкершілігімен көзге түсті. Оның іс жүргізудегі тиянақтылығы мен заң талаптарын мүлтіксіз орындауы жоғары бағаланып, 2025 жылдың желтоқсанында Қызылорда облысы Полиция департаменті, Тергеу басқармасының жеке тұлғаға қарсы қылмыстарды тергеу бөлімінің аса маңызды істер жөніндегі аға тергеушісі лауазымына тағайындалды.

Әрбір тергеушінің жадында мәңгі сақталып, кәсіби өміріне жол ашатын ең алғашқы ісі болады. Кейіпкеріміз де

2021 жылдың қоңыр күзінде өзі алғаш рет тергеген ұрлық қылмысын ерекше толқыныспен еске алды. Жас тергеуші бұл істі асқан ұқыптылықпен жүргізіп, қылмыстық істі тез арада жеделдетілген тәртіппен, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 188-бабы, 3-бөлігі, 3-тармағымен сотқа жолдады.

Тәуелсіздік даңғылының бойында орналасқан көпқабатты үйлердің бірінде орын алған. Бойы небәрі 1.55 метр шамасындағы тапал келген күдікті, еш қорықпастан тұрғын үйдің үшінші қабатына өрмелеп шығып, пәтер ішіндегі жаңа газ плитасы мен мұздатқышты қолды қылған. Күдікті өз кінәсін толық мойындап, тергеу амалдарына еш кедергі келтірмеді, тіпті сол биіктікке қалай оңай өрмелеп шыққанын да көрсетіп берді. Бұл оның үлкен өмірлік мектепке жасаған алғашқы сәтті қадамы еді. Аса маңызды істерді тергеу – асқан дәлдікті және адам психологиясын терең түсінуді қажет етеді. Полиция капитаны Айдос ҚР Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерінің нормаларын іс жүзінде шебер қолдана отырып, әрбір істің ақ-қарасын ажыратуда

ерекше кәсібилік танытып келеді. Өз жұмысында заң бұзушылықтарға жол бермей, қылмыстық істердің сапалы әрі дер кезінде тергелуіне баса назар аударады.

– Менің тергеуші мамандығын таңдауыма әскери форма себеп болды. Бұл кәсіпте тек күдіктілермен жұмыс істеу жеткіліксіз, мұнда жәбірленуші тараптың да мұң-зары мен үміті бар. Осы азаматтардың жанайқайына құлақ түріп, заң аясында әділдікті орнату және тура шешім қабылдау – менің тергеу саласына келуіме, осы мамандықты жүрек қалауыммен таңдауыма бірден-бір себебі болған негізгі фактор деуге толық негіз бар. Ер бала болғаннан кейін адам психологиясын терең түсінуді қажет етеді. Полиция капитаны Айдос ҚР Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстерінің нормаларын іс жүзінде шебер қолдана отырып, әрбір істің ақ-қарасын ажыратуда

2-БЕТТЕ

Баспасөз-2026

АҒАЙЫН, «АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА» ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2026 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуды ұмытпаңыз.

Жекелер үшін
6 айға – 4000 теңге,
мекемеуер үшін – 5000 теңге.
Баспасөзге қатысты
сауалдарыңыз болса, мына
нөмірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.

4-БЕТТЕ

БАСЫ 1-БЕТТЕ

Нұржан СҮЛЕЙМЕНОВ: Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары

ХАЛЫҚ СӨЗГЕ ЕМЕС, НАҚТЫ НӘТИЖЕГЕ ҚАРАЙДЫ

– Нұржан мырза «Үздік сапалы қызмет көрсетуші» конкурсы мемлекеттік қызметшілер арасында бәсекелестікті арттыратынын білеміз. Байқау басталғалы бері облыс қызметкерлерінің белсенділігі мен жұмысқа деген ынтасы қаншалықты өзгерді?

– Конкурстың басты артықшылығы – қызметкерлердің кәсіби шеберлігін жан-жақты бағалау. Мұнда тек теориялық білім ғана емес, тәжірибелік дағдылар, азаматтармен тиімді қарым-қатынас орнату қабілеті, сондай-ақ қызмет көрсету мәдениеті ескеріледі. Бұл өз кезегінде мемлекеттік қызметшілерді үнемі ізденіске, өзін жетілдіруге ынталандырады. Сонымен қатар байқау жеңімпаздарына кәсіби тұрғыдан танылу, мансаптық өсуге қосымша мүмкіндік бар. Мұндай бастамалар мемлекеттік аппараттың абыройын асқартып, қоғам мен мемлекет арасындағы сенім көпірін нығайта түсетіні сөзсіз.

– Қазіргі қоғамда азаматтармен тиімді байланыс орнату маңызды. Осы орайда, Қызылорда облысындағы мемлекеттік қызметшілердің азаматтармен қарым-қатынас мәдениетінде әлі де болса жақсартуды қажет ететін тұстар бар ма?

– Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті «Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметшілердің қызметтер туралы» Заңға сәйкес мемлекеттік қызметтердің сапасына тұрақты бақылау жүргізеді. Бұл жұмыс қызмет көрсету процесіндегі кемшіліктерді дер кезінде анықтап, бұзушылықтардың алдын алуға және азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған.

Департамент талдау және мониторинг нәтижелері негізінде қызмет беруші органдарға нақты ұсыныстар әзірлейді. Бағалау үш негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызмет көрсету процесін құқықтық реттеу, мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру және техникалық мүмкіндіктер, мемлекеттік қызмет көрсету үдерістерін жетілдіру.

Агенттіктің әдістемелік ұсыныстарына сәйкес департамент әр тоқсан сайын мемлекеттік қызметтерді жақсартуға бағытталған ұсыныстар тізімін қалыптастырып, оларды іске асыру үшін Агенттікке жолдайды. Бұл жүйелі жұмыс нақты нәтиже беріп, қызмет сапасын арттыруға оң ықпал етуде.

– Қазіргі уақытта Elicense.kz порталының функционалы толықтырылып, қордаланған мәселе өз шешімін тапты. Осы жаңашылдық енгізілген бері аталған қызмет түрін көрсету мерзімі қаншалықты жылдамдады және бұл тұрғыда



Сурет ашық дереккөзден алынды

қызмет алушылар мен мамандар тарапынан қандай оң пікірлер түсіп жатыр?

– Жасыратыны жоқ, бұған дейін аталған құжаттарды Elicense.kz ақпараттық жүйесі арқылы тікелей жүктеу мүмкіндігі мүлдем қарастырылмаған болатын. Бұл кемшілік өз кезегінде қызмет алушы азаматтар үшін де, мемлекеттік қызметшілер үшін де, мамандар үшін қиындық туғызып келді.

Осы түйткілді түбегейлі шешу мақсатында біздің Департамент тарапынан Elicense.kz ақпараттық жүйесінің функционалын кеңейту жөнінде нақты ұсыныс енгізілді. Біз өтініш беру кезінде қосымша құжаттарды электронды түрде жүктеу мүмкіндігін қарастыру қажеттігін айттық. Бұл бастама «Ақпараттық жүйелерді жетілдіру қажеттілігі» өлшемшарты аясында арнайы әзірленіп, Агенттікке жолданған болатын. Қуаныштысы, бұл ұсынысымыз Агенттік тарапынан толық қолдау тауып, нәтижесінде Elicense.kz порталының функционалы заманауи талаптарға сай толықтырылды. Бүгінде бұл жаңашылдық қызмет көрсету үдерісін айтарлықтай жеңілдетіп, уақыт үнемделді. Жалпы, Департамент мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыруға бағытталған мұндай жүйелі жұмыстарды алдағы уақытта да қарқынды түрде жалғастыра береді. Бұл бағыттағы қадамдарымыз мемлекеттік қызмет көрсету саласының тиімділігін арттырып, халықтың сенімін нығайтуға қызмет ететіні сөзсіз.

– Мемлекеттік қызмет сырт көзге тек ресми жиындар мен құжаттардан тұратындай көрінгенмен, оның артында психологиялық жүктеме, қысым мен жауапкершілік тұрғаны жасырын емес. Осындай жауапты лауазымда жүріп, күйзеліске бой алдырмаудың құпиясы қандай?

– Өте орынды сұрақ. Халық пен мемлекет арасындағы алтын көпір болу – үлкен қажыр-қайратты талап етеді. Мұндай сәттерде ішкі тепе-теңдікті жоғалтып алмау үшін мен, ең алдымен, уақытты тиімді жоспарлауға ерекше мән беремін. Жұмыс жүйелі болған жерде хаосқа орын қалмайды. Кез келген күрделі жағдайда эмоцияны ақылға жеңдіріп, әр мәселені суық ақылмен, сабырмен шешуге тырысамын. Өйткені, ашу үстінде қабылданған шешім жемісті болмайды. Ал жұмыстан тыс уақытта отбасымның қолдауы жігер береді.

– Қазіргі қоғамда халық арасында шенеуніктердің сөзіне күмәнмен қарау, «құрғақ үзе беремін» деген стереотип бар екені жасырын емес. Сіздің ойыңызша, мемлекеттік аппарат бұл теріс түсінікті жойып, халықтың нақты іске деген сенімін қайтару үшін қандай қадамдар қажет?

– Мемлекеттік қызметкер үшін құрғақ үзе беру – ең үлкен қателік. «Айтылған сөз – атылған оқпен тең» деген аталы қағиданы берік ұстанамын. Берген үздемді міндетті түрде нақты жоспармен бекітіп, оның орындалу барысы жіті бақылауда болуы керек деп есептеймін. Халық сөзге емес, нақты нәтижеге қарайды. Сондықтан мен әрбір айтылған сөздің артында нақты іс тұруына үлкен мән беремін. Біздің жауапкершілігіміз де, кәсібилігіміз де тек құжат бетінде емес, ел игілігіне жараған нақты нәтижемен дәлелденуі тиіс. Менің басты мақсатым да, ұстанымым да – осы.

– Жұмыстан тыс уақытта шенеунік костюмін спорттық киімге немесе ашылық, балықшылық киіміне ауыстыратын шығарсыз? Қандай хоббиіңіз бар? Күш-қуатты қайдан аласыз?

– Жұмыстан тыс уақытта мен отбасыма барынша көңіл бөлуге, спортпен тұрақты шұғылдануға және табиғат аясында демалуға ерекше мән беремін. Табиғатпен үндесу және тән белсенділігі маған күнделікті күйбең тіршіліктен ойымды сергітіп, бойыма күш-қуат береді. Мен үшін энергия мен шабыттың екі негізгі қайнар көзі бар. Біріншісі – қиындықта да, қуанышта да жанымнан табылатын алтын ұям, отбасымның шексіз қолдауы. Ал екіншісі – өз қолыммен атқарып жатқан жұмыстың игілігі

мен, ең алдымен, уақытты тиімді жоспарлауға ерекше мән беремін. Жұмыс жүйелі болған жерде хаосқа орын қалмайды. Кез келген күрделі жағдайда эмоцияны ақылға жеңдіріп, әр мәселені суық ақылмен, сабырмен шешуге тырысамын. Өйткені, ашу үстінде қабылданған шешім жемісті болмайды. Ал жұмыстан тыс уақытта отбасымның қолдауы жігер береді.

– Қазіргі қоғамда халық арасында шенеуніктердің сөзіне күмәнмен қарау, «құрғақ үзе беремін» деген стереотип бар екені жасырын емес. Сіздің ойыңызша, мемлекеттік аппарат бұл теріс түсінікті жойып, халықтың нақты іске деген сенімін қайтару үшін қандай қадамдар қажет?

– Мемлекеттік қызметкер үшін құрғақ үзе беру – ең үлкен қателік. «Айтылған сөз – атылған оқпен тең» деген аталы қағиданы берік ұстанамын. Берген үздемді міндетті түрде нақты жоспармен бекітіп, оның орындалу барысы жіті бақылауда болуы керек деп есептеймін. Халық сөзге емес, нақты нәтижеге қарайды. Сондықтан мен әрбір айтылған сөздің артында нақты іс тұруына үлкен мән беремін. Біздің жауапкершілігіміз де, кәсібилігіміз де тек құжат бетінде емес, ел игілігіне жараған нақты нәтижемен дәлелденуі тиіс. Менің басты мақсатым да, ұстанымым да – осы.

– Жұмыстан тыс уақытта шенеунік костюмін спорттық киімге немесе ашылық, балықшылық киіміне ауыстыратын шығарсыз? Қандай хоббиіңіз бар? Күш-қуатты қайдан аласыз?

– Жұмыстан тыс уақытта мен отбасыма барынша көңіл бөлуге, спортпен тұрақты шұғылдануға және табиғат аясында демалуға ерекше мән беремін. Табиғатпен үндесу және тән белсенділігі маған күнделікті күйбең тіршіліктен ойымды сергітіп, бойыма күш-қуат береді. Мен үшін энергия мен шабыттың екі негізгі қайнар көзі бар. Біріншісі – қиындықта да, қуанышта да жанымнан табылатын алтын ұям, отбасымның шексіз қолдауы. Ал екіншісі – өз қолыммен атқарып жатқан жұмыстың игілігі

нәтижесін көру, жұмысымның халыққа пайдасы тиіп жатқанын сезіну. Осы сезім мені шаршатпайды, керісінше алға қарай жетелейді.

– Мемлекеттік қызметтің таңнан кешке дейінгі тығыз кестесі бала тәрбиесіне белсенді араласуға мүмкіндік бере бермейтіні жасырын емес. Жұмыстағы жауапкершілік пен үйдегі әкелік міндеттің арасындағы алтын тепе-теңдікті қалай ұстап тұрсыз?

– Құдайға шүкір, бүгінде 2 қыз, 1 ұл тәрбиелеп отырған әкемін. «Әкелік міндетті жүз пайыз толық атқарып жүрмін» деп біржақты айту қиын, өйткені әрбір жауапты ата-ана бала тәрбиесінде өзіне өте жоғары талап қояды. Әрқашан бұдан да көп уақыт бөлсем, қасында көбірек болсам деген ішкі тілек тұрады. Бірақ мен санға емес, сапаға мән беремін. Жұмыстан бос әрбір сәтті балаларыммен барынша сапалы өткізуге, олардың тәрбиесіне, дамуына бар күш-жігерімді саламын. Себебі перзент болашағының берік іргетасы – әке мейірімін мен қолдауы.

– Сіз өз шыңыңызға жеттіңіз бе?

– Ер азаматтың амбициясы тек қана мансаптық өсумен, жоғары лауазымдармен ғана шектелмеуі керек. Бұл өте тар түсінік. Мен үшін ең бастысы – лауазым емес, өз ісінің хас шебері болу. Аткарған жұмысың арқылы қоғамға, елге шынайы пайда келтіру. Сонымен қатар өз шаңырағының мықты тірегі болып, үнемі дамуға ұмтылу. Ал «өз шыңыма жеттім» деп айта алмаймын. Себебі адам баласы ізденуді тоқтатқан күні кәсіби тұрғыда өсуін де тоқтатады. Өмірде әрбір бағындырылған жетістік, әрбір жаңа белес келесі бір үлкен мақсаттарға жол ашады. Сондықтан мен үшін даму, өзін-өзі жетілдіру және ізденіс үдерісі ешқашан тоқтамайды, ол алдағы уақытта да жалғаса береді.

– Кәсіби мереке күні әріптестерге қандай тілек айтар едіңіз?

– Халыққа қызмет ететін адамдардың адалдығы және әділдігі, өз жұмысына деген жауапкершілігі, қоғам мен азаматтардың сенімін туғызуы – әрбір мемлекеттік қызметкердің міндеті. Кәсіби мереке қарсаңында барлық әріптестеріме зор денсаулық, отбасы амандығын және еңбектеріне толағай табыс тілеймін. Ел игілігі жолындағы жауапты қызметтеріңіз әрдайым нәтижелі болып, халықтың сеніміне лайық еңбек ете беріңіздер. Бірліктіңіз бекем, мерейлеріңіз үстем болсын! Осы айтулы күні барша мемлекеттік қызметшілерге кәсіби табыс, халық игілігі жолындағы қызметтеріне толағай жетістіктер тілеймін!

– Сұхбатыңызға рахмет!

Думан КЕЦШЛІК

БАСЫ 1-БЕТТЕ

ҚЫЛМЫСТЫ АШУДАҒЫ КӘСІБИЛІК



Жас болса да, жинаған тәжірибесі мол тергеуші бүгінде жас қызметкерлерге бағыт-бағдар сілтейтін қамқор тәлімгер. Оның бойындағы жоғары ұйымдастырушылық қабілеті мен ізденімпаздығы әріптестері арасында үлкен құрметке ие. Ол тек қағаз жүзіндегі іспен шектелмей, тергеу жұмысындағы кемшіліктердің алдын алу мен оларды жою бағытында барлық мүмкіндіктерді тиімді пайдалана біледі.

– Егер жүректің шынайы қалауы болмаса, бұл мамандықта тұрақтап жұмыс істеу мүмкін емес. Себебі тергеуші тек бір бағытпен ғана шектеліп қалмайды, барлық саладан хабары болуы шарт. Біз күнделікті қызметте әртүрлі кәсіп иелерін тергеуіміз мүмкін. Сондықтан олардың жұмыс барысын, қыр-сырын жете білуіміз керек. Мысалы, дәрігердің де, мұғалімнің де, тіпті қаржыгердің де кәсіби міндетін түсіну маңызды. Өйткені, дәл осы салаларға байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар, соның ішінде түрлі алаяқтық деректері жиі кездеседі. Осындай жан-жақтылықты талап ететіндіктен, тергеуші болу – өте күрделі жұмыс. Оған тек үлкен жүректің қалауы, биік арман мен айқын мақсат қана төтеп бере алады. Тек сонда ғана өз ісінің нағыз мықты, кәсіби тергеушісі болуға болады, – дейді тергеуші.

Кейіпкеріміздің жеке басының қасиеттері де айрықша атап өтуге лайық. Әріптестері мен азаматтармен қарым-қатынаста әрдайым мәдениеттілік, ұстамдылық пен кішіпейілділік танытатын ол – нағыз зиялы маманның бейнесі. Сонымен қатар оның әскери-қызметтік және спорттық дайындығы да жоғары дәрежеде. Өзіне бекітілген қаруды жетік меңгерген, кез келген уақытта жедел шешім қабылдауға дайын сергек сақшы.

Кейіпкеріміз өзінің алғашқы тәлімгері, қазіргі уақытта ҚР ІІМ Тергеу департаментінің аға тергеушісі қызметіндегі Сұлтан Рысбайды ерекше құрметпен еске алады. Өйткені оның тергеуші болып қалыптасуына осы ұстазының қосқан үлесі зор. Жұмыс барысында адам факторлар мен қателіктер орын алмай тұрмайды. Сондай бір сәтте, жұмыстан көңілі суып, басқа салаға ауысуы ойлап жүрген жас қызметкерге тәлімгері Сұлтан Жалғасұлы кәсіби де, психологиялық та тұрғыдан демеу болады. Ол әрбір сәтсіздікті үлкен сынақ деп қабылдауды және оған сынбай, мақсатқа жетуді үйретеді. Сауатты жауап алу, тергеу әрекеттерін заң талаптарына сай, ұқыпты әрі тәртіппен жүргізу кейіпкеріміздің бойына сіңірген ең маңызды кәсіби қасиеті.

Тергеуші мамандығы уақытпен санасуды білмейді. Түнгі кезекшіліктер мен қызмет ауырталығына қарамастан, Айдос алдына қойылған міндеттерді уақытылы әрі сапалы атқарып келеді. Ол прокуратура және сот органдарымен сындарлы қызметтік байланыс орнатып, мемлекеттік және қызметтік құпияны сақтаудың заңдық талаптарын биік ұстайды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұстанып отырған сындарлы саясаты бүгінде құқық қорғау саласына қадам басқан жас буынға зор серпін беріп, жігерлендіруде. Соның жарқын дәлелі – биыл академияны тек «үздік» бағамен бітірген түлектерге бірден «полиция аға лейтенанты» шенінің берілуі. Бұл – жастар үшін теңдессіз қолдау. Қатарластарының бәрі қызметті лейтенант болып бастап жатқанда, оқудағы озықтығы үшін жоғарырақ шенмен сапқа тұру – мемлекет тарапынан көрсетілген үлкен сенімнің белгісі, – дейді Айдос Аппаз.

Бүгінгі таңда қоғамның басты дертіне айналған ғаламтор арқылы жасалатын алаяқтық қылмыстары жиі тіркелуде. Осы бағытта Мемлекет басшысы мен Ішкі істер министрлігі басшылығының тікелей қолдауымен ауқымды іс-шаралар жүзеге асырылуда. Соның ішінде киберқылмысқа қарсы іс-қимыл арнайы басқармасының құрылуы. Осы жаңа бөліністің, білікті де сауатты қызметкерлердің қажырлы еңбегінің арқасында қаншама күрделі қылмыстың

беті ашылып, сотқа жолдануда. Ресми статистикаға көз жүгіртсек, қабылданған жүйелі шаралардың нәтижесінде өткен жылдармен салыстырғанда жалпы қылмыс санының азайып келе жатқаны байқалған.

– Халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімін арттыру – бүгінгі күннің басты талабы. Бұл бағытта ең алдымен ауқымды профилактикалық жұмыстарды жүйелі жүргізуде. Мысалы, көше бойларында орнатылған заманауи жедел байланыс батырмалары арқылы азаматтар бір ғана басумен тікелей «102» арнасына хабар алады. Мұндай қолжетімділік қоғам қауіпсіздігін жана денгейге көтерді. Одан бөлек, полицияның имиджін көтеріп, халықтың сенімін нығайту мақсатында материалдық-техникалық базаны жаңарту ісі де қарқынды жүруде. Бүгінде Мемлекет басшысы ұстанып отырған «Заң мен Тәртіп» қағидаты жеке өзіміз де көңілімізнен толық шығады. Осы саясаттың арқасында халықтың полиция қызметкерлеріне деген көзқарасы оң бағытқа өзгеріп, сенімі нығая түсті. Кез келген қиын жағдайда азаматтардың бірінші сұрағы – полицияны шақырып, көмек сұрауы – осы артқан сенімнің айқын дәлелі деп білемін, – дейді полиция капитаны.

Заман ағымына сай тергеу саласында орын алып жатқан ең үлкен әрі маңызды жаңалық – қылмыстық істердің толықтай электронды форматқа көшуі. Бұл жүйе тергеушінің жұмысын едәуір жеңілдетіп, уақытты тиімді үнемдеуге мүмкіндік берді. Мәселен, бағдарламалық жүйеде жобирленуші мен куәгерлерден жауап алудың арнайы дайын хаттамалары тұрады. Бір ғана батырманы басу арқылы азаматтардың аты-жөні, жауап алуын басталған және аяқталған уақыты автоматты түрде теріліп, дайын күйінде шығады. Ең бастысы, қылмыстық істі прокуратура мен сот органдарына жолдау барысында ешқандай қиындық жоқ, барлық процесі кабинеттен шықпай-ақ, санаулы секундтарда жүзеге асыруға болады.

– Тергеуші қызметінің сырт көзге көрінбейтін ең ауыр жүгі – психологиялық қысым. Өрбір істі зерттеу барысында екі тараптың да ішкі дүниесі үйіліп, олардың күйін кешу оңай емес. Әсіресе, жақын адамнан – бауырынан, әкесінен немесе анасынан айырылып, қаралы қасірет арқапал келген жәбірленушінің жауабын алу өте қиын. Соны тыңдай отырып, еріксіз сол адамның кейіпіне енесіз, өзіңізді оның орнына қойып көресіз. Осындай ауыр негативті жағдайларды жүрекпен сезініп, көз алдына елестету – психологиялық төзімділікті қажет ететін белгілі. Екінші жағынан, күдіктімен бетпе-бет сөйлесу де оңай емес. Оның не себепті қылмысқа барғанын, артында тұрған жұмыссыздық пен ақшаның жетіспеушілігі сияқты әлеуметтік мәселелерді тыңдағанда іштей ауыр сезімде боласыз. Дегенмен, біз тергеуші болғандықтан, бұл нәрселердің бәрине кәсіби түрде дайынбыз, – дейді ол.

Заң мен әділдікті серік еткен жас қанттан әрбір қылмыстық істің артында адам тағдырының қыл үстінде тұрғанын терек сезінеді. Сондықтан ол әрбір оқиғаның мән-жайын жіпке тізгендей анықтауда тек заңның құрғақ талаптарына ғана сүйенбей, адам тағдырына жанашырлықпен қарайтын кәсіби ұстаныммен ерекшеленеді.

Бүгінгі таңда құқық қорғау саласына соны жанашырлық пен тынсеріп келіп жүрген жас буын санлақтарының сапында Айдос Амантайұлы да бар. Оның өз кәсібіне деген шексіз адалдығы, үздіксіз ізденімпаздығы, тейірдей жауапкершілігі әріптестері арасында сыйлы маманға айналдырды. Қоғам тыныштығы мен азаматтардың қауіпсіздігі жылды жаң аямай еңбек етіп жүрген құқық қорғаушылардың әділеттік жолындағы еңбегі халық сенімін одан сайын бекемдей түседі.


Думан КЕЦШЛІК

СТАТИСТИКАҒА АРНАЛҒАН ҒҰМЫР

Мемлекеттік қызмет – жоғары жауапкершілікті, кәсіби біліктілікті және таңдаған ісіне адалдықты талап ететін ерекше сала. Мемлекеттік органдардың тиімді қызметінің артында ел дамуына бағытталған маңызды міндеттерді күнделікті жүзеге асыратын азаматтар.

Осындай мемлекеттік мүддеге қызмет етудің жарқын үлгісі – 40 жылдан астам өмірін мемлекеттік статистиканы дамытуға арнаған Гүлзира Ескараеваның кәсіби жолы.

Гүлзира Исламқызы – өзінің еңбек жолын 1985 жылы Қызылорда облыстық статистика басқармасында бастады. Қызылорда совхоз-техникумында «Бухгалтерлік есеп» мамандығы бойынша білім алып, кейін Қазақ мемлекеттік университетінде жоғары экономикалық білім алған. Ол өзінің кәсіби қызметін мемлекеттік басқарудың маңызды бағыттарының бірі – статистика саласымен байланыстырды. Көп жылдық еңбек жолында ол кәсіби білімі



мен тәжірибесін жетілдіре отырып, маманнан бөлім басшысына дейінгі жауапты қызмет сатыларынан өтті. Бай тәжірибесі оған статистиканың әртүрлі бағыттарында – халық статистикасы, сауда, баға, қаржы, еңбек статистикасы салаларында жұмыс істеуге, сондай-ақ мемлекеттік статистика органдарының даму кезеңдерінде алға қойылған міндеттерді жүзеге асыруға мүмкіндік берді.

Қазіргі таңда Гүлзира Исламқызы

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Қызылорда облысы бойынша департаментінде құрылыс және инвестициялар статистикасы бөлімінің басшысы қызметін атқарады. Оның басшылығы мен басқарушылық шешімдер қабылдау үшін қажетті объективті әрі сапалы статистикалық ақпаратты қалыптастыру бойынша міндеттер жоғары деңгейде орындалуда. Көп жылдық еңбек



ТӘЛІМ

ОТБАСЫ МЕКТЕБІНІҢ ҰЛАҒАТЫ

Осы бір көрініс әлі күнге көз алдымынан кетпейді. Ауылдың қым-қуыт тірлігі таусылған ба? Әкеміз далада бір шаруамен айналысып үйге кіре қоймады. Қарт әжей үйге қонаққа келген болатын. Мәре-сәре болып, сыбағалы ас ортамызға келген соң, анамыз қонақты ас ішуге шақырып, дастарханның айналасына шүпірлеп бәріміз жиыла қалдық. Әжей қыпшақтап тамақ ішуге келе қоймады. Үйдің кішісі болғасын мен жүгіріп барып, «әже тамақ дайын. Сізді күтіп отырмыз» дегенім сол еді, ол кісі жымып қана «Үйдегі отағасы көлмей, дастарханға отыру дұрыс емес. Қазір әкең келсін, бірге отырып ішеміз. Қызым, адамдардың әдебі, ар-намысы болатынындай, үйлердің де әдеп-тәртібі болады. Біз кішкентай кезімізде үйде әкеміз, анамыз бар кезде саяғымызды созып отыруға да ұялатын едік. Жасы үлкендер сөйлеп жатқанда сөзге араласпайтын едік. Ешқашан әкемізден бұрын дастархан басына отырмайтын едік. Ол кісі келіп, тамақтан дәм татып, «Қане тамақтан алыңдар!» деген кезде ғана бастайтынбыз. Астан кейін дастархан дұғасын кезектесіп оқитын едік. Осы дәстүр дастарханның әдебі болып саналады, қызым!» дегенде ұяттан бетім алаулап кеткенді есімде.

Шынында бір барлық әдеп-ибадан шеттеп бара жатқандаймыз. Қазір кеш батқанда ешкім үйінің пердесін жаппайды. Ал біз бала күнімізде қараңғы түспей тұрып-ақ пердені жауып, үйдің жарығын қосатынбыз. Анамыз киім ауыстырғанда пердені жабық болуын, сырттан біреудің көзі түспеуін қадағалап, ескертті отыратын. Ал аталарымыз болса, үйдің әдебі пердесінің жабылып, жабылмағанынан деп жиі айтатын. Жұылған киімді аулаға ілгенде үстінен жұқа матамен жауып қой деген ескертпесі де әлі жадимызда сақталған. Әдебімізден, ар-намысымыздан айрылсақ, иманымыздан да айрыламыз дегенді ол жиі айтатын.

«Көз ақысы» деген нәрсенің не екенін де ананың ұлағатынан ұқтым. Ол кісі дүкеннен алған тағамын ешқашан көрінетін пакетке салдырмайтын. Ол кезде қолдан қалта тігетін. «Көз ақысы өтеді. Әркімнің көзі түскен мұндай тағамда шипа болмайды» дейтін.

Мен мұны ауылдағы үлкен кісілерден естідім. Сол кездегі аналардың қандай қасиет пен өсиетті бойына түйгенін осы әңгімеден-ақ байқауға болады. Тектілік шынында ұлтымыздың қанында ойнап тұрғанын жазбай танисың да, көкірегіңді мақтаныш сезімі билейді. Шіркін, арды ойлаған «аналарым-ай сендер қандай перизаттай пәк, теңіздей терен едіңдер» деп айдай өлемге жар салғың келеді.

Осы әңгіменің әсерлілігі сондай күні бүгінге дейін ойымнан шықпайды. «Өткен ғасырдың жаугершілік заманы болса керек. Қалың қазақпен бірге бір кісі қытай жеріне бас сауғалайды екен. Күндердің күні белгілі бір себеппен бергі бетте қалып қойған, тұтқында отырған екі жемгесін құтқару үшін ол түн жамылып шекарадан өтеді. Ақыры тәуекелі қабыл болып, біреуінің құшағында сәбиі бар, екі жемгесін қамаудан босатып, қашып шығады. Алайда жол-жөнекей әлгі нәрестеден тірідей айырылып қалады. Сан қиындықты көріп, соңында арып-ашып бір белестен көтерілгенде алдарынан киізүйлі қазақ ауылы кездесіпті. Есі шыға қуанған әлгі кісі сүріне-жығыла алға ұмтылғанда, екі жемгесі отыра кетіпті. Олардың бұл қылығын түсінбеген қайыны «Оу, айналайндар, қыркына шыдағанда, енді біріне шыдаңдар. Бір ұмтылсақ, ауылға да жетіп қаламыз. Қанекей, тұрыңдар» дейді. «Әбден қалжыраған екен-ау, бейшаралар» деген ойдың жетегінде келе жатқанын біліп, бір жемгесі «Қайным-ау, шаршап тұрған жоқпыз. Ұялып тұрмыз» депті.

«Неден?» десе, «Бұл бәленше атамның ауылы ғой, танып тұрмыз.

Бірақ қалай жалаңбас барамыз?» деген жауапты естіген ағамыз аңырып тұрып қалыпты. Қашып-пысып жүргенде, орамал тұрмақ, қайбір бүтін киім қалды



дейсіз? Содан ол жігіт «Ә-ә, солай екен-ау» деп біраз тұрыпты да, «Таптым» деп отыра қалып, етігін шеше бастапты. Етігін шешіп, екі шұлғауды екі

Пайғамбарымыздың хадисінде де бұл жайлы айтылғанын көріп, таң-тамаша болдым. Діннен хабары болмаса да, ол кісілер осындай даналықпен қалайша сусындаған? «Жасаған тағамдарыңның ісімен көршілеріңді мазаламаңдар» дейді Пайғамбарымыз. Ойлы адамға бұл өте түсінікті әрекет.

Әсіресе ораза тұтып отырған адамның жанында ісіні мұңкітіп ас ішу, одан қалды тағамның түрлі дәмді қасиетін айтып сөз қозғаған да әдепке жатпайды. Қазір әлеуметтік желіге әсіресе жұлдызды әншілер жеген тағамын, қыдырған жерін, ішкен сусынын, сатып алған киім-кешегін суретке түсіріп, мыңдаған адаммен бөлеседі. Біреу тойып секіреді, біреу тонып секіреді. Дәл осы сәтте бәзбіреу ішерге ас, киерге киім таппай қиналып жүрген болар. Бұл ақпараттық кеңістіктің дамығанынан хабар бергенмен, әдеби қалыптың бұзылғанының да көрінісі.

Қазір ерлі-зайыптылардың арасындағы сыйластыққа да көлеңке түскендей. Берік одақ құру үшін белгілі бір әдепке бағынған да жөн-ау. Анамыз тағы бір қаперде қалған әдебі әкемізбен қатар жүрмейтін. Шегіншектеп кейін жүретін. «Апа, әкеміздің қолтығынан ұстап жүрмедіңіз бе?» десек, «қой балам ұят болады, қаншама тұрмыс құрмаған, жесір қалған әйелдер бар ғой. Әрине құпиялық қалмаған соң, адалдық та қалмайды» дейтін.

Анамыз тағы бір қасиеті әкеміздің есімін ешқашан айтпайтын. Мерейін үстем қылып көрсету үшін жан аямайтын жарықтық. Әкем мейлінше сабырлы, әдепті, биязы кісі болатын. Анамыз оның айыбын асырып, ардақтап отырғаны да отбасындағы мызғымас ынтымақтың тал бесігі екен ғой.

Жоғарыда айтқан өнегелі әңгімеден туындайтын даналық – үйдің берекесі үлкендерге құрметте, үйдің әдебі жабылған пердеде, махаббаттың әдебі жасырын болуда, көздің әдебі оның қабағында, дененің әдебі құпия болмысында. Сондықтан көзді қорғап, әрі көзге түсетін нәрсені де бақылауда ұстау керек екенін ұғынғандаймыз. Әрине, бұл кейбіреулерге ұсақ-түйек нәрсе секілді көрінуі мүмкін. Мұның астарында ұлттық тектіліктің нышаны бар.

Иә, иірімі мол, тәлімі терең, өнеге мен тәрбиенің қайнар көзі ол – отбасы мектебінің ұлағаты.

Гайһап АСҚАРҚЫЗЫ



жемгесіне ұсыныпты. Олар да сөзге келмей, жымыған қалыпта шашын жиыпты. Сөйтіп барып ауылға беттеген екен.

Көріністер ме, қазақ келіндерінің ибасын? Түсінген адамға ол кісілердің бұл ісінде ата салтын ардақтау жатыр емес пе?

Міне, осындай ибалы, инабатты келіндер біздің ата-баба дәстүріне кір келтірмей, атаны ата, енені ене, басқа да отбасы мүшелеріне құрмет көрсеткен. Шағын мысал болғанмен, астарына қаншама ұлылық сыйып тұр десеңізші.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ

ҚАРА ЖОРҒА ТУРАЛЫ ХИКАЯ

Көркем шығармаларда батырлардың сенімді серігі астындағы тұлпары болған. Алпамыстың арғымағы – Байшұбар, Қобыландының арғымағы – Тайбурыл, Ер Тарғынның арғымағы – Тарлан. (Қамбар батырда Қара қасқа ат).

Бабамыз Құрманай Төремұрат жыраудың да бала кезінен арманы осындай бір ат болатын. Жасөспірім кезінде сол ұлы батырларша арғымаққа мініп, батырларға ұқсап қару-жарақ асынып атпен жүруді арман ететін. Көктен тілегені, жерден табылып арманы орындалды. Төремұрат қара жорғалы болды, бұл жорғаны ағасы Жанқожа сыйлаған болатын. Қара жорға Сыр бойының ханы Жанғазының еді. Ханды сатқындығы үшін ұстап



қамаған кезде оның мал-мүлкі халықтың талауына салынды, билер көп олжаға батты. Қалған малы ауылдағы жарлы-жақыбайларға бөліп берілді.

Жанқожа батыр олжа алудан бас тартып билерге: «Анау қара арғымақ жорғаны Төремұратқа мінгіземін, неше жылдан бері қасымда жүріп, еңбегіңді» деді. Төремұрат жырауды баласындай жақын тартатын батыр көптің көзіне шақырып алып: «бір басың екеу болсын, ер қанаты – ат» деп осы қара жорғаны сыйлаған. Қырыққа жақындап қалған жырау бір жағы жорықта жүріп, одан қалды серіліктен босамай, әлі отау көтермеген еді. Батырдың айтқаны келіп, көп ұзамай бір басы екеу болды. Қара жорғаны адамша қастерлеп, басқа адамды қасына жолатпай өзі бақты.

Түркімендер ығысып Маңғыстау жаққа келіп қоныстана бастаған кез еді. Құғын-сүргінді көп көрген қазақ оларды аяп, Маңғыстау маңына қоныс тебуіне қарсы болған жоқ. Жылдар өте келе түркімендер күш алып, бос жатқан құнарлы жерлерге еркін орналасып, қарулы барымташылары алыс-жақын жерлердің малын қуып кетіп, мазаны кетіре бастады. Басынған түркімендер тіпті андасанда Сыр бойына дейін келіп, малын барымталап кетіп те жүрді.

Шілде айы, аспанда шөкімдей бұлт жоқ, күн аптап ыстық. Ауылдың күнбатыс жағында, көз ұшында тұсаулы аттар басын көкпен көтермей жайылып жүр. Төремұрат көлеңкеде ұйықтап жатыр, әйелі үй маңында түскі ас дайындап әлек. Шала жанған отты үрлеп, ошақпен алысып жатқан ол кенет, алыстан шауып келе жатқан жалғыз аттыны көріп елен ете қалды. Қашқын ба, қуғыншы ма, ұшыртуу жаман, қолы ербең-ербең етеді. Аттылы жақындаған кезде:

– Жау шапты, жау! – деген дауысы естілді. Атынан қарғып түскен жылқышы:

– Төке! Төке, ауыл малына жау шапты, ішінде қара жорға да бар, – деген кезде Төремұрат жатқан орнынан атып тұрды. Қасқаның амандасуға да әлі келмей, «жау шапты» дей берді. Төремұрат жалаңаш, жалаңбас, дамбалшаң жылқышының атына қарғып мініп, қамшы басты. «Қаруыңды алы» деген естіген жоқ. Астындағы ат жарамды екен, бауырын жазып, шабысын үдетіп келеді.

Едәуір ұзап кеткеннен кейін барып, қаруын алмағаны есіне түсіп, «қап» деді. «Не болса да, бара көрермін» деп тоқтамастан шаба береді. Ол ұрылдардың көпке ұзамайтынын білді, екі төбе асқаннан кейін шаң көрінді.

Ал енді ұрыларға келсек, бұлар көрші түркімендер еді. Ауылға шаппай, тек ауыл маңында жүрген малды ұрлап келе жатыр екен. Барымта басшысы «қуғыншы көрінбей ме?» деп, андасанда артына қарайлап қояды. Ол көңілді, себебі жолдастары жаңа ғана қосылған үйірден мына қара жорғаны ұстап әкеліп, өзіне сыйлап жетегіне байлаған. Жорға өте сүйкімді екен, бұған ұнады. Ойға беріліп кеткен барымта басшысы артына қараса, көз ұшында өздеріне қарай шауып келе жатқан бір жалғыз аттыны көрді. Жұлдыздай ағып келеді екен. Ол қасындағы достарына:

– Токтандар, мына қазақ не болса да тегін адам емес, жанынан безген біреу шығар, әйтпесе жалғыз адам мал соңынан қуа ма? Кім де болса күтіп алайық, сақадай сай тұрыңдар! – деп, өзі аттыға қарсы аяндай берді. Түркіменнің астындағы аты есік пен төрдей торы ат, палуан денелі, түсі суық, нығызда пілтелі мылтық, қолында он екі өрмелі қамшысы тағы бар.

Төремұрат жақын қалғанда атының басын тежеді, екеуі қарама-қарсы келіп тоқтады. Сол кезде қалған түркімендер де жақын келді. Төремұрат – жалғыз, түркімендер оншақты. Көп кідірмей сөзді Төремұрат бастады:

– Ау, ағайындар! Түріміз де, дініміз де, түбіміз де бір ағайынбыз! Қазақта «мал ашуы – жан ашуы» деген мақал бар. Қалған малда шаруам жоқ, ана жетегіндегі қара жорғаны тастап кет, – деді. Сонда түркімен:

– Мен бір қазақтан қорқып, қара жорғаны тастап кете алмаймын. Ертең мына достарым «бір қазақтан қорқып, біздің басымызды оққа байлап әкеліп берген жорғаны қайдағы біреуге жетектетіп жібердің» деп айтады. Сондықтан жайдан-жай қолыңа ұстап салмаймын.

Жалғыз келуіне қарағанда, тегін адам емес сияқтысын. Неге тұрасың, соны айт, болмаса аман тұрғаныңда үйіңе қайт! – деді.

Төремұрат ойлап қалды. Бос қайтса елден

ұят, жекпе-жекке шақырайын десе қолында қару жоқ. Сол кезде түркімен:

– Өй, қазақ, қолыңда қаруың жоқ, құрқол сен маған не істейсің? Сен былай қыл, екеуіміз де аттан түсіп күресейік, кім жеңеді, қара жорғаны сол алады. Сен жеңіlsen де, бізден қорықпай жалғыз келгенің үшін бір жылқы жетектетіп жіберемін деді.

Төремұрат ойланбастан аттан қарғып түсті. Айнала төңірек айнадай жазық. Маңайда бұлардан басқа жан жоқ. Түркімен үстіндегі киімдерін шешіп, жеңілденіп алды. Екеуі бір-біріне аш қасқырдай ырылдап қарсы ұмтылды, алысып-жулысып біраз жүрді. Екеуі де өзді-өзі берілмесе жанталасты. Бар күшін, бар тәсілін салып, алысып жатыр. Бұларды қоршаған түркімендер өздерінің басшыларының күшіне сеніп, оны қоттап айқайлап қояды. Екеуінің де ақ тер, көк тері шықты, айдалада шаң бүрк-бүрк етеді. Жәніске бас тіккен екеуі тіктесіп, шайнаскан жыртықш аңдарша ырылдасты. Түркіменнің әлі еркін келмеді. Төремұраттың жай қазақ емес екеніне енді көзі жетті, оның күшінің өзінен басым екенін білді.

Түркімен де еңгезердей неме еді, Төремұраттың денесі бала тәрізді ғана болып көрінеді. Жалпақ алақанды, сінірлі қолдары темірдей тиеді. Төремұрат қара жорғанын кісінеген дауысын есітті, сол кезде ышқынын, шапшаң қимылдап, бар күшін шақырып, бір қолымен түркіменнің белінен ұстап, екінші қолын босатып түркіменді ныққа мінгізіп алып, үйіріп-үйіріп алып жерге соқты, шаң бүрк ете қалды.

Достары басшыларының жеңілгенін біліп, қоршап, Төремұратқа жақындай бастады. Төремұрат «неге жалғыз келдім, қапыда кеттім-ау!» деп күрсінді, жарық дүниеден күдер үзді. Сол кезде барымташылардың басшысы жатқан жерінен атып тұрды:

– Тімендер, мен айтқан уәдемде тұрамын! Мен талайды көріп едім, маған қарағанда күштің басым екен, – деп, өзі барып жорғаны шешіп берді.

Төремұрат жорғаны жетекке алып, ауылға беттеді, келе жатып ішіне: «апырай, тіктесіп алысқанда бір кісіге әлің келгені қандай жақсы!» деді.

Осы оқиғадан кейін қара жорғаны үйірге қоспай, есік алдына тұсап немесе қоғалды жерге арқандап қоятын болды, қара жорғаны көзінен таса қылмады.

Әлімжан ӘЛКЕБАЙҰЛЫ

АСҚАТ САМАТҰЛЫ, ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ РЕКРУТИНГ БӨЛІМІ ЖӘНЕ МАНСАП ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БАСШЫСЫ:

АДАМ ӨЗ ІСІН ЖАҚСЫ КӨРГЕНДЕ ҒАНА ЖОҒАРЫ НӘТИЖЕГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗЕ АЛАДЫ



(Басы 1-бетте)

– Елімізде профориентолог қызметі енді таныла бастады. Осы уақытта дейін түлектердің мамандық таңдауына ата-ана, қоғам пікірі ықпал ететін. Қазір арнайы мамандардан кеңес алады. Жалпы, профориентолог деген кім? Оның негізгі қызметі қандай?

– Профориентолог – адамның қабілетін мен қызығушылығын, жеке ерекшеліктерін зерттеп, оған болашақ мамандығын санады түрде таңдауға көмектесетін маман. Қазіргі таңда мамандықтар саны көбейіп, еңбек нарығы жылдам өзгеріп жатқандықтан, жастардың дұрыс бағыт таңдауы бұрынғыдан да маңызды болып отыр. Себебі соңғы уақытта көп мамандар өз саласына бойынша қызмет ету кенжелеп кетті. Бұдан жастардың жұмыссыздығы көбейіп, қажетті сала мамандары жетпей, елімізде көзге көрінбес үлкен қауіп әкелуде.

Профориентологтың негізгі қызметі – оқушының немесе студенттің жеке әлеуетін анықтап, оны еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтармен сәйкестендіру. Бұл жұмыс тек мамандық атауын ұсынумен шектелмейді. Профориентолог жасөспірімнің қызығушылығы, қабілеті, мінез-құлқы, құндылықтары мен өмірлік мақсаттарын талдап, оған сәйкес келетін білім беру бағытын таңдауға көмектеседі.

Сонымен қатар профориентолог ата-аналармен де жұмыс жүргізеді. Себебі кейде ата-ананың қалауы мен баланың шынайы қызығушылығы сәйкес келмеуі мүмкін. Мұндай жағдайда маман екі тараптың да пікірін ескеріп, баланың болашағына тиімді шешім қабылдауға бағыт береді.

Менің ойымша, дұрыс таңдалған мамандық – адамның өмірдегі табысы мен кәсіби қанағаттануының негізі. Сондықтан профориентологтың басты мақсаты – жастарға өз орнын табуға көмектесу және олардың саналы кәсіби таңдау жасауына жол көрсету.

Ғалымдардың зерттеуінше, өзінің жаны қалаған жұмыспен айналыспайтындар көптеген ауруға шалдығады екен. Ал мамандығын жақсы көретіндер өз ісінен ләззат алып, жұмысын жақсы нәтижемен істейді. Яғни, адам өз бағытын дұрыс таңдаса, өмірге деген құштарлығы артып, жаны тыныштық табады. Ал профориентологтар адамдардың өз мамандығын дұрыс таңдауы үшін көмекке келеді.

– Қазіргі жастар мамандық таңдауда қандай қателіктерге жиі жол береді?

– Бүгінде түлектер мамандық таңдауда бірнеше жиі кездесетін қателікке жол береді. Ең алдымен, олар мамандықты өз қызығушылығы мен қабілетіне емес, қоғамдағы пікірге немесе санға айналған трендтерге қарап таңдайды. Мысалы, белгілі бір сала сұранысқа ие немесе табысты деп естіп, сол бағытқа бет бұрады. Алайда адамның жеке бейімділігі ескерілмесе, уақыт өте келе ол мамандыққа

деген қызығушылығы төмендеп, кәсіби күйзеліске ұшырауы мүмкін.

Екінші қателік – мамандық пен оқу бағдарламасының айырмашылығын толық түсінбей. Көптеген талапкер мамандық атауын ғана біледі, бірақ оның күнделікті жұмысы қандай болатынын, қандай дағдылар қажет екенін зерттемейді. Соның салдарынан оқу барысында немесе еңбек жолын бастағанда таңдауының өзіне сәйкес келмейтінін түсінеді.

Үшінші мәселе, ата-ананың немесе айналасының ықпалымен шешім қабылдау. Әрине, үлкендердің кеңесі маңызды, бірақ соңғы таңдау баланың қабілеті мен қызығушылығына негізделуі керек. Өйткені болашақта сол мамандықпен өмір сүретін де, жұмыс істейтін де – өзі. Сондай-ақ жастардың бір бөлігі еңбек нарығындағы өзгерістерді ескермейді. Қазіргі заманда кейбір мамандықтарға сұраныс азайып, жаңа кәсіптер пайда болып жатыр. Сондықтан мамандық таңдағанда тек бүгінгі жағдайды емес, болашақтағы даму перспективаларын да назарға алған жөн.

– Оқушының қабілеті мен қызығушылығын анықтау үшін қандай әдістер қолданылады?

– Оқушының қабілеті мен қызығушылығын анықтау – кәсіби бағдар берудің ең маңызды кезеңдерінің бірі. Бұл бағытта бірнеше тиімді әдіс қолданылады.

Біріншіден, арнайы психологиялық және кәсіби бағдарлау тесттері жүргізіледі. Мұндай тесттер оқушының қызығушылық салаларын, тұлғалық ерекшеліктерін, ойлау қабілетін және белгілі бір қызмет түрлеріне бейімділігін анықтауға көмектеседі. Мысалы, Gullup, Tanu AI, MBTI, т.т. Алайда тест нәтижесі жалғыз шешім қабылдау құралы емес, ол жалпы талдаудың бір бөлігі ретінде қарастырылады.

Екіншіден, жеке сұхбат пен кеңес беру жұмыстары жүргізіледі. Өңгімелесу барысында оқушының сүйікті пәндері, бос уақыттағы қызығушылықтары, армандары мен мақсаттары анықталады. Көп жағдайда баланың өз ойын ашық айтуы оның шынайы қызығушылығын түсінуге мүмкіндік береді.

Үшіншіден, оқушының жетістіктері мен белсенділігіне талдау жасалады. Мысалы, оның қандай пәндерден жоғары нәтиже көрсететіні, қандай үйірмелерге қатысатыны, қандай жобаларға қызығушылық танытатыны зерттеледі. Бұл ақпараттар қабілет пен бейімділікті анықтауда маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар ата-аналар мен мұғалімдердің пікірін де ескеріледі. Себебі олар баланың мінез-құлқы мен қабілеттерін ұзақ уақыт бойы бақылап жүрген адамдар. Дегенмен, олардың көзқарасы оқушының жеке қызығушылығымен үйлесуі қажет. Қазіргі уақытта кәсіби сынамалар, мамандықтармен танысу кездесулері, кәсіпорындарға экскурсиялар және мамандармен жүздесу сияқты тәжірибелік әдістер де кенінен қолданылып келеді. Осындай тәжірибелер арқылы оқушылар белгілі бір кәсіптің ерекшелігін өз көзімен көріп, өзіне қаншалықты жақын екенін бағамдай алады.

– Мамандық таңдауда ата-ананың ролі қандай болуы керек?

– Ата-ана – баланың өміріндегі ең маңызды бағыт беруші тұлға. Сондықтан мамандық таңдауда олардың ролі өте үлкен. Алайда ата-ананың міндеті баланың орнына шешім қабылдау емес, оған дұрыс таңдау жасауға көмектесу деп есептеймін.

Кей жағдайда ата-аналар өздерінің орындалмаған армандарын балалары арқылы жүзеге асырығы келеді немесе белгілі бір мамандықты белгілі деп санап, сол бағытты таңдауға мәжбүрлейді. Мұндай жағдайда баланың қызығушылығы мен қабілеті ескерусіз қалып, болашақта мамандығына қанағаттанбау қаупі артады. Дұрыс ұстаным – баланың бейімділігін байқап, оны қолдау. Ата-ана баласының қандай пәндерге қызығатынын, қандай істерден ләззат алатынын, қай салада жақсы нәтиже көрсететінін бақылап, оның өз мүмкіндігін ашуына жағдай жасауы керек. Сонымен қатар мамандықтар

туралы ақпарат іздеуге, оқу орындарын зерттеуге және кәсіби бағдар беру шараларына қатысуға қолдау көрсеткені маңызды.

– Кейбір оқушылар бірнеше мамандықтың арасында таңдау жасай алмай жатады. Мұндай жағдайда қандай кеңес бересіз?

– Иә, дұрыс айтасыз, бұл қалыпты жағдай. Себебі жасөспірім кезеңде адамның қызығушылықтары әртүрлі болуы мүмкін және болашақта қатысты сұрақтар көп болады. Мұндай жағдайда ең алдымен асығыс шешім қабылдауға кеңес беремін. Әр мамандықты жан-жақты зерттеп, оның міндеттері, жұмыс ерекшеліктері, қажетті дағдылары және болашақтағы мүмкіндіктері туралы ақпарат жинау маңызды. Жалпы айтқанда, жалғыз отырып аналитика жүргізу қажет.

Сондай-ақ өзіне мынадай сұрақтарды қойып қору пайдалы: «Қай іспен айналысқанда уақыттың қалай өткенін байқамай қаламын?», «Қай пәндер маған оңай әрі қызықты?», «Қандай ортада жұмыс істегенді қалаймын?», «Мен үшін табыс, шығармашылық, адамдармен қарым-қатынас немесе тұрақтылық қаншалықты маңызды?». Осындай сұрақтарға жауап беру таңдауды нақтылауға көмектеседі.

Егер бірнеше мамандық бірдей қызықтырса, олардың ортақ тұстары мен айырмашылықтарын салыстырған жөн. Кейде әртүрлі болып көрінетін мамандықтардың негізінде ұқсас қабілеттер жатады. Мысалы, маркетинг, журналистика және халықаралық қатынастар салаларының барлығында коммуникация дағдылары маңызды орын алады. Сонымен қатар кәсіби бағдарлау тесттерінен өтіп, мамандармен кеңескен пайдалы. Белгілі бір сала өкілдерімен сөйлесу, ашық есік күндеріне қатысу немесе тәжірибелік жобаларға араласу арқылы өзіне қай бағыттың жақын екенін жақсырақ түсінеді.

– Бүгінде еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар қандай?

– Соңғы уақытта еңбек нарығы өте қарқынды өзгеріп жатыр. Технологиялардың дамуы, цифрландыру үдерісі және жаңа экономикалық бағыттардың қалыптасуы көптеген мамандықтарға деген сұранысты арттырды. Сондықтан жастар мамандық таңдағанда тек қазіргі жағдайды ғана емес, болашақтағы даму мүмкіндіктерін де ескергені маңызды.

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялар саласындағы мамандарға сұраныс жоғары. Атап айтқанда, бағдарламашылар, деректер талдаушылар, киберқауіпсіздік мамандары, жасанды интеллект және цифрлық технологиялар саласының мамандары еңбек нарығында ерекше сұранысқа ие.

Сонымен қатар медицина саласы да өз маңызын жоғалтқан жоқ. Дәрігерлер, мейіргерлер, психологтар, реабилитологтар және қоғамдық денсаулық сақтау саласының мамандарына қажеттілік тұрақты түрде сақталып келеді. Инженерлік және техникалық бағытта да болашағы зор салалардың қатарында. Әсіресе құрылыс, энергетика, өндіріс, көлік және автоматтандыру жүйелері бойынша білікті инженерлерге сұраныс артып келеді. Білім беру саласында да өзгерістер көп. Заманауи педагогтар, арнайы білім беру мамандары, білім беру технологияларын меңгерген ұстаздар мен кәсіби бағдар беру мамандары қоғам үшін маңызды болып қала беруді.

Шынны айтқанда, мен оқушыларға әрдайым бір нәрсені айтамын. Сұранысқа ие мамандық пен өзіңізге лайық мамандық әрдайым бірдей бола бермейді. Ең тиімді таңдау – еңбек нарығындағы қажеттілік пен адамның жеке қабілеті мен қызығушылығының тоғысқан тұсын табу. Себебі адам өз ісін жақсы көргенде ғана кәсіби тұрғыдан өсіп, жоғары нәтижеге қол жеткізе алады.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Айтқолжың АЙТЖАНОВА

Басы 1-бетте

ҚАРЫМДЫ ЖУРНАЛИСТ РУХЫНА ҚҰРМЕТ



Турнирдің ашылу салтанатына қала әкімінің орынбасары Арнұр Нұрмағанбетов, облыс әкімінің баспасөз хатшысы Салтанат Шаханова, «Сыр медиа» ЖШС-нің директоры Марат Аралбаев, республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің меншікті тілшісі Мұрат Жетпісбаев және Ерканат Сәрсенбайдың анасы қатысып, қатысушы журналистерге сәттілік тіледі.

Ерканат Сәрсенбайұлы өзінің саналы ғұмырын баспасөз қызметі мен телевизияға арнап, мемлекеттік қызметте де абыройлы еңбек етіп, ақпарат саласында өзіндік қолтаңбасын, өшпес ізін қалдырған тәжірибелі қалагер. Бүгінгі шараны әріптестердің Ерканатқа деген шексіз құрметі мен сағыншының лебінен туған үлкен шара деп есептеймін. Ортамыздан ерте кетсе де еңселі еңбегімен, парасаттылығымен, азаматтық биіктігімен, жайрандаған жүзімен, әрқайсымызға мейірім шашып, үлкенді аға, кішіні бауыр деген Ерканатты жақындары ғана емес, бірге араласқан достары, әріптестері ұзақ жылдар бойы жүрегінде мәңгі сақтайды, – деді Арнұр Өлібекұлы.

Облыс әкімінің баспасөз хатшысы Салтанат Шаханова аймақ басшысының арнайы құттықтауы мен тағайындалған қаржылай қорын Ерканат Сәрсенбайдың анасына табыстады.

– Ерканат Сәрсенбай 1988 жылы Қызылорда облысында дүниеге келіп, журналистика саласында білім алған. Еңбек жолында бұқаралық ақпарат құралдарында, мемлекеттік органдарда және түрлі жауапты қызметтерде абыройлы еңбек етіп, қоғамның дамуына өз үлесін қосты. Адамның ғұмыры жылдармен емес, халқына жасаған қызметімен, ел есінде қалған өнегелі ісімен өлшенеді. Өзінің адал еңбегімен, азаматтық ұстанымымен, кәсіби шеберлігімен көпшіліктің құрметіне бөленген Ерканаттың жарқын бейнесі туған-туыстарының, әріптестерінің және достарының жүрегінде мәңгі сақталды.

Аталған турнирге жергілікті БАҚ өкілдері мен мемлекеттік мекемелерден құралған 6 команда бақ сынады.

Тартысқа толы өткен жарыстың қорытындысы бойынша I орынды «Quyzylorda» телеарнасының командасы иеленді. II орын республикалық басылмалардың меншікті тілшілерінен құралған командаға бұйырса, III орынды «Сыр медиа» командасы еншіледі.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер арнайы дипломдармен, кубоктармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Жарасқан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ
Суретті түсірген: Н.Нұржаубай

**Парламенті Сенатының депутаты,
Президент сыйлығының лауреаты,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,
Қызылорда облысының құрметті азаматы
Нұртөре Жүсіптің «Жүректегі жапырақ» атты
кітабының таныстырылымы өтті.**

Қарымды қалагер Нұртөре Жүсіп қалың оқырманға «Қазақтың қызы», «Елес пен белес», «Біз кімнен кембіз», «Тәуелсіздік лебі: ел мен жер», «Мұң құмырсқа және біз» кітаптарымен кеңінен танылған.

«Достық» үйінде өткізілген рухани шараны облыс әкімінің орынбасары, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі Қайрат Нұртай жүргізді. Алдымен Сыр елінің руханият саласындағы жетістіктеріне тоқталған Қайрат Ырзақұллы көрерменге жол тартқан жаңа кітап авторы, сырдың сырбаз перзенті, мемлекет және қоғам қайраткері Нұртөре Жүсіптің өмір жолы мен шығармашылығына тоқталып, аймақ халқы атынан кітап авторына зор ризашылық білдіріп, облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың құттықтауын табыстады.

Мұнан соң сенат депутаттары Бекбол Орынбасаров, Амагелді Есбай шығармашылық иесін құнды туындысының жарыққа шығуымен құттықтап, Парламент Сенатының төрағасы Моулен Өшімбаевтың құттықтауын табыс етті.

Ал Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы

өкілі, белгілі ақын Қаршыға Есімсейітова кітаптың көркемдік және тағалымдық мәніне тоқталды.

Кеште Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттері жыр шумақтарын оқып, кеш мазмұнын аша түсті.

Кездесудің айшықты сәтінде бірнеше республикалық басылманың редакторы болып, қазақ журналистикасына үбелі үлес қосқан белгілі қалагер Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының, ҚР Журналистер академиясының мүшесі Қазақстанның құрметті журналисі Нұртөре Жүсіп оқырманмен пікір алмасып, жаңа туындының жазылу тарихы, ерекшеліктері мен қамтылған тақырыптары туралы кенінен айтты. Қатысушыларға кітаптарын сыйға тартты.

«Жүректегі жапырақта» қоғам, адам тағдыры, ұлттық құндылықтар мен өмір туралы толғаулар топтастырылған. Автордың өмірден түйген ойлары, замандастары туралы жазбалары мен рухани тақырыптары эсселері қамтылған.

Г. АСКАРҚЫЗЫ

**ОҚЫРМАН СЫЙЫ —
«ЖҮРЕКТЕГІ ЖАПЫРАҚ»**

Меншік иесі:

SYR MEDIA

жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабалдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған **Әділхан ӘЙІМЕН**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі: №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдарды пікірлерден қозқарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына авторын, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АШ» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 4400 Тапсырыс №1052

Немірдің кезекші редакторы Жарасқан Қуанышбайұлы